



# Сыр бойы

№34-35  
(20507-20508)



Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

4 наурыз, сенбі 2023 жыл

e-mail: syrboiy@yandex.kz / www.syrboiy.kz

www.facebook.com/syrboiy.kz/

www.instagram.com/syrboiy\_kz

https://twitter.com/syrboiy

t.me/syrboiy\_kz

## ЭКОНОМИКА

### ӨНДЕУ ӨНЕРКӘСІБІ: ӨСІМ ҚАЛАЙ ҚАЛЫПТАСТЫ?

Ел экономикасын ілгерілетудің негізгі жолы – өнеркәсіптік өндірістің көлемін арттыру. Экономиканы әртарапандыруды және оның шикізат экспортына тәуелділігін азайтуды негізгі мақсат еткелі аймақта өндірістің дамуына барынша басымдық берілді. Нәтижесінде нақты стратегиялық жоспарлар бекітіліп, межелі міндеттер белгіленді. Бастысы, қабылданған нақты шаралар өңдеу секторының дамуына оң әсерін тигізді.

Сб Биболат СӘТЖАН,  
«Сыр бойы»

Бұлай деуімізге нақты дәлел де бар. Мәселен, облыстың өнеркәсіптік өңдеу саласында 54,1 пайыздық өсім қалыптасып, Қызылорда өңірлер арасында өсім қарқыны бойынша бірінші орынға шықты. Бұл туралы ҚР Үкіметінің отырысында айтылып, Сыр өңірінің өңдеу өнеркәсібін дамытудағы жоғары көрсеткішке қол жеткізгені ерекше аталып өтілген болатын.

2022 жылдың қорытындысы бойынша қантарда өткен Үкімет отырысында Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров өңдеу өнеркәсібінде оң өсім сақталып отырғанын мәлімдеді. Өндіріс көлемі 3,4%-ға өсіп, көрсеткіш өсуі 18 өңірде тіркелді. Елімізде өңдеу өнеркәсібі салалары бойынша машина жасау өндірісінің 9,4, оның ішінде автомобиль жасаудың 19,1, электр жабдықтарын жасаудың 22,2%-ға өсуі қамтамасыз етілді. Сондай-ақ ел бойынша осы азық-түлік өндірісі, мұнай өңдеу, химия өнеркәсібі салаларында байқалып отыр.

Елімізде Индустриялық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде үшінші бесжылдық кезеңінде шамамен 4,3 трлн теңге сомасына 505 жоба іске қосылып, 45,9 мың тұрақты жұмыс орны құрылған. Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі

мәліметінше, биыл елімізде 16,3 мыңға жуық тұрақты жұмыс орнын құра отырып, жалпы сомасы шамамен 1,1 трлн теңгеге 149 жобаны енгізу жоспарлануда. Жобалар барлық өңірлерде іске қосылатын болады.

Бұл ретте Сыр өңірінде биылғы қызылорда 4,8 млрд теңгені құрайтын, толық қуаттылыққа шыққанда 175 жұмыс орны ашылатын 7 жоба іске қосылды. Жалпы алғанда, Бірыңғай Индустриаландыру картасы аясында облыста қызылорда 613 млрд теңгені құрайтын 6,8 мың жұмыс орнын құруға бағытталған 37 жоба жүзеге асырылуда. Ал 2010-2021 жылдар аралығында іске қосылған индустриялық жобалар арқылы есепті кезеңде 49 млрд теңгенің өнімі өндіріліп, өңдеу өнеркәсібіндегі үлесі 25 пайызды құрады.

Облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының мәліметінше, өткен жылы өңдеу өнеркәсібінде өнім көлемі 241,7 млрд теңге болған. Көрсеткіштің өсіміне тамақ өнеркәсібінде «Аралтұз», «РЗА», «Мағжан и К», «Углесбыт», «Қызылдіхан», «Ақжарма», жеміл өнеркәсіпте «Өркен әлем», «Далатекс» серіктестіктерінің, құрылыс индустриясындағы цемент зауыты, «МИР-2001», «LCI-MK» және «Кемикал» құбыр зауытында өнім көлемінің артуы және шыны зауытының өнім шығаруы әсер еткен.

2-бет



## ПРЕЗИДЕНТ ШЫМКЕНТКЕ КЕЛДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевпен бейресми кездесу өткізу үшін Шымкент қаласына келді. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметінен хабарланды. Кездесу барысында екіжақты және өңірлік күн тәртібіндегі өзекті мәселелер қарастырылады.

## РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТУРНИР

### «БАРЫСТАР» БӘСІ ҚЫЗЫЛОРДАДА ТАҒЫ БІР АЙТУЛЫ ТУРНИР ӨТТІ

2-3 наурыз күндері Қызылорда қаласындағы «Евразия» спорт көшенінде ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының кубогіне арналған қазақ күресінен «Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Барысы» республикалық турнирі өткізілді.



Ашылу салтанатында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев бұл шараның Сыр өңірінде ұйымдастырылуы аймақ үшін үлкен абырой екенін атап өтті. – Балуан Шолақ, Қажымұқан, Иманжүсіп бабаларымыздың ізі қалған Сыр жерінде батырлар сабақтастығы үзілген емес. Билтырғы «Қазақстан барысы» турнирінің жеңімпазы, жерлесіміз Мақсат Исағабайлов ел мерейін таситты.

2-бет

## ГАЗДАНДЫРУ: ҚАРҚЫН ҮДЕП КЕЛЕДІ



ӘЛЕУМЕТ және ӘЛЕУМЕТ

Билтыр 30 мың 300 гектардан аса егіс егіліп, жыл соңында жоғары өнім жинаған Шиелі ауданы ауыл шаруашылығы саласында үздік атанды. Ақ күріштің атасы Ыбырай Жақаевтың ізбасарларының тынымсыз еңбегінің арқасы еді бұл. Өңірде егін мен бау-бақша өсіруден бөлек, аудан көлемінде атқарылып жатқан нәтижелі жұмыс көп. Жаңа құрылыстар, көшелерді жарықтандыру мен абаттандыру, елді мекендер арасындағы жолдарды жөндеу сияқты қажеттіліктер біртіндеп іске асуда. Солардың ішінде маңызды саналатын, халық сұранысы артып отырған мәселе – газдандыру. Аудан әкімдігі берген мәліметке сүйенсек, бүгінде Шиелі халқының 68 пайызы «көгілдір отынға» қол жеткізген.

Сб Ержан ҚОЖАС,  
«Сыр бойы»

Иә, газға көшу экологиялық жағдайды жақсартуға оң әсер ететіні белгілі. От жағып, құл шығармайтын қалалықтарға қызығатын ауылдағы ағайынға бұл дүние біртіндеп жетіп жатыр. Кейінгі бес жылда аймақта «көгілдір отынға» қол жеткізген ауылдар қатары көбейгені де белгілі.

Шиелі ауданына қарасты ауылдың көбісі орталыққа жақын. Тіпті кентпен іргелес қоныстанған елді мекендер бар. Мұның өзі жергілікті жердегі и н же нерлік-инфрақұрылымдық жағдайды дұрыстауға көп септігін тигізуде.

Жоғарыда айтқандай, газ құбырлары тартылып, әр ауылдағы тұрмыстық жағдайдың түзелуі артады. Бүгінге дейін Шиелі кентінен бөлек, алты елді мекенге «көгілдір отын» келді. Атап айтсақ, «Бидайкөл», «Байсын», «Н.Бекежанов», «Ш.Қоламанов», «Ақмая» және «Алғабас» ауылдарының тұрғындары осындай игілікті істің қызығын көріп отыр.

Осы тақырыпқа орай, ауданда тағы бір қуанышты жаңалықтың лебі бар. Жалпы құны 1 млрд 62 млн теңге болатын, елді мекендерге газ тартуды қамтитын 4 жоба тиісті салалық министрлікке ұсынылыпты. Айттылған төрт жобадан көрсетілген мақсат біреу-ақ. Ол – ауданда қарасты тағы да төрт ауылға газ құбырын тарту. Бұлар – «Еңбекші», «Бестам», «Досбол би» және «Жиделіарық» ауылдары. Бұның ішінде биыл құрылысы бастау үшін «Еңбекші» ауылына 270 млн теңгеден астам, ал «Жиделіарыққа» 172 млн, 157 мың теңге қаржы бөлінген.

Сонымен қатар ауданда қарасты «Алмалы» мен «Ә.Тәжібаев» атындағы елді мекенге газ құбырын тарту үшін қажетті 1 млрд 710 мың теңгеге бюджеттік өтімін беріліпті. Қазір жоба министрліктің қарауында.

Билтыр М.Шокай ауылы маңынан құны 2 млрд теңгеден асатын автоматты газ реттегіш станциясының құрылысы басталған еді. Бұған қосымша «Тартоғай» елді мекеніне демеушілер есебінен, сонымен қатар «Майлытоғай» ауылы бойынша ішкі және сыртқы магистральды газ құбырларын тарту үшін жоба-сметалық құжаттары дайындалып жатыр. Бұл үшін аудандық бюджеттен 23 млн теңгеден аса қаражат бөлінген. Айттылған жобалар іске асқанда аудан халқының 85 пайызы газбен қамтыламыз.

2-бет

## №12 САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША «АУЫЛ» ХДПП АТЫНАН ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТЫҒЫНА ҮМІТКЕР МҰСТАФА САДЫҚ ШОҢМҰРЫНҰЛЫНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ



### ӨМІРБАЯНЫ

Мұстафа Садық Шонмұрыұлы 1966 жылы 15 қарашада Қызылорда облысы Жалағаш ауданы, «Мәдениет» ауылында дүниеге келген. Әкесі – Мұстафаев Шонмұрын жүргізуші, комбайншы болып жұмыс істеген. Анасы – Мұстафаева Күләш күріш егуші болған. Білімі жоғары. 1973-1981 жылдары «Мәдениет» ауылында орта мектепте білім алды. Қазақ мемлекеттік денешынықтыру институтын (1991) денешынықтыру және спорт оқытушысы мамандығы бойынша; Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін (2009) «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолын 1984 жылы «Мәдениет» №8 бригадала жұмысшысы болып бастаған. 1985-1987 жылдары Кеңес әскері қатарында борышын өтеді. 1991-1993 жылдары Қазақтың дене тәрбиелеу мәдениеті институтында күрес кафедрасында оқытушы, 1993 жылы бұқаралық спорт түрлерінен жоғары спорт жетістіктерінің республикалық мектебінде жаттықтырушы, 2001-2005 жылдары спортта дарынды балаларға арналған республикалық мектеп-

интернатта аға жаттықтырушы қызметін атқара, 2005 жылғы 24 қантардан бастап 2017 жылдың маусым айына дейін Қызылорда облысының туризм, денешынықтыру және спорт басқармасының басшысы. 2017-2021 жылдар аралығында Білім және ғылым министрлігіне қарасты Ұлттық ғылыми-практикалық денешынықтыру орталығының бас директоры, 2022 жылдың маусым айынан бастап «Қайсар» футбол клубының директоры қызметін атқарып келеді.

Қазақ күресінен Қазақстан Республикасының спорт шебері, дзюдодан Халықаралық дәрежедегі төреші, Дзюдо, Ауыр атлетика және Қазақ күресінен Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген жаттықтырушы, Қазақстан Республикасының Құрметті спорт қайраткері.

«Құрмет» және «Парасат» ордендерімен нағардалған.

Алматы облысы Баканас ауданының, Қызылорда облысы Жалағаш ауданының және Қызылорда қаласының Құрметті азаматы.

Жанұялы, қыз және үл тәрбиелеуде.

### САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

**Құрметті қызылордалықтар!**  
Бүгінгі жаһандануға бет бұрған заманда біз өз ұлт-мынамыздың қалқаны, төл руханиятымыздың жанаңшыры болу арқылы азаматтық белсенділігіміздің бағасын белгілейміз. Қазақ десе ауыл, ауыл десе қазақтың қасиеті, дәстүрі дәріптелуде тиісті. Ал ауылды қолдау – ел мен жерді сақтаудың ата-бабаларымыз көрсеткен дана жолы деп қабылдауымыз керек.

Ауыл идеологиясы – ұлт пен мемлекет идеологиясының мәйегі, құрамымыз және өркендеу түбірі. Біздің саяси платформамызда жалпы ауылдық аумақтарды және әрбір ауылдық елді мекенді дамытуға, атап айтқанда, олардың өткір тұрған экономикасы, әлеуметтік, инженерлік және өндірістік инфрақұрылымы мәселелеріне маңызды рөл берілген. Ауылдары өркендету отырып, біз қалаларды да дамытамыз, қала тұрғындарының игілігін арттырамыз.

Біз үшін елді мекендердің мәртебесі әрқашан басымдық пен құрметке ие!

Ауылдық елді мекендер инфрақұрылымын қалпына келтіру және дамыту мәселелерінде кешенді және жүйелі тәсілді қолдануды;  
- Атап айтқанда, «Бәйтерек» және «Шанхай», КБИ тұрғын аудандарында орналасқан жеке тұрғын үйлерді жоғары қысымды тұрақты сапалы ауызсумен қамтамасыз етуге ықпал жасаймыз.

«Ауыл - ел бесігі» жобасына «Қарауыл-төбе», «Қосшынырау» ауылдық округіне қарасты Абай, Досан ауылдары, «Бірқазан»

елді мекені, «Белкөл» кентіндегі көшелердің сапасын арттырып, күрделі жөндеуден өткізуге жағдай жасау;  
- Жанқожа батыр көшесі арқылы өтетін темір жол өткелін салуға ықпал жасауға;  
- «Қызылжарма» каналы арқылы «Бәйтерек» ықшама ауданына көлік пен жаяу жүргіншілерге арналған және «Белкөл» кентіндегі теміржол арқылы өтетін жаяу жүргіншілер көпірлерінің құрылысын аяқтауға атсалысу;  
- ауыл әйелдерінің әлеуметтік жағдайын жақсартуға, оларға қолайлы жағдай жасауға;  
- ауылдық елді мекендерді газдандыруды ұлғайту және оларды жоғары сапалы интернетпен қамтуды;

Оның ішінде газдандыру жобасы аясында «Қосшынырау» ауылдық округіне қарасты Абай, Досан елді мекендеріне сапалы газбен жәрдемдесуге;  
- ауыл мен қала арасындағы білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт салалары қызметтеріндегі сапаны арттыру;  
- ауылдық округтердің тұрғындары үшін қолжетімді спорт болуы тиіс. Бұл бағыт бойынша спорт алаңдарын және КБИ мөлтек ауданынан мектеп салуға атсалысу – басты бұрышымыз!

### ӨРКЕНИЕТ ДЕГЕН – ЖАЙЛЫ ӨМІР

Гүлденген ауыл және тиімді ауыл шаруашылығы бағытында ауылдық жерлерде жайлы өмір сүру жағдайларын жасап қана қоймай, еліміздің барлық азаматы

табысының өсуіне негіз болады, азық-түлік тауарлар бағасын тұрақтандырады, урбанизацияға байланысты өткір әлеуметтік проблемаларды азайтады.

«Ауыл» партиясы осы мақсатқа жету үшін:

- Қала тұрғындарын ауыл кәсіпкерлігін инвестициялауға тарту бағдарламасын ұсынады;

- Қажетті экономикалық ынталандырулар мен құқықтық кепілдіктер бере отырып, «қалалық» бизнесті ауылдарға көшіру жөніндегі бағдарламаны әзірлейді;

- Ауылдық жерде кемінде 20 жыл (жынытығында) жұмыс істеген азаматтарға зейнетақыны ұлғайту туралы мәселеге бастамашы болады;

- Мерзімді және келісім-шарттық әскери қызметтен демобилизацияланған ауыл тұрғындары үшін жоғары оқу орнындағына түсету лайықтық құрастыруда тегін оқу және түру мәселесін шешуге ұмтылатын болады;

- Ауылдық жерлерде тұратын ерекше қажеттіліктері бар барлық азаматқа (мүгедектерге) әлеуметтік жәрдемақыларды ұлғайту туралы мәселеге бастамашы болады;

- Аз қамтылғандар мен әлеуметтік осал топтар өкілдері үшін азық-түлік төлем карталарын енгізуге бастамашылық жасайды.

Қазақстанға өзгеріс қажет. Біз еліміздің шын мәнінде индустриалды-аграрлық, яғни, өзін-өзі қамтамасыз ететін, өркеніет өркен жайған ауылға айналдыруға күш саламыз.

### АУЫЛЫМЫЗ ГҮЛДЕНСІН, ӨМІРІМІЗ НҰРЛАНСЫН!

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан тізіледі

# ЕҢБЕК АДАМЫН ҚОЛДАУ ЕСЕЛЕНЕ БЕРМЕК

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев облыс прокуроры Нұрлан Бижановпен бірге аймақтағы бірқатар компания ұжымдарымен кездесті.



Алдымен облыс әкімі «Қызылорда су жүйесі» мен «Қызылорда тазалығы» мекемелері қызметкерлерімен жүздесіп, алдағы уақытта коммуналдық қызмет жұмысшыларының жалақысы көтерілетінін айтты.

«Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауында «Еңбек адамдары — еліміз бен мемлекетіміздің тірегі. Біз қарапайым еңбек адамына құрмет көрсетуіміз керек. Қандай кәсіппен айналысқан да, оны сапалы атқару маңызды», — деген болатын. Біз ортақ игілікке өз үлесін қосып жүрген, жұмысын адал атқаратын қарапайым еңбек адамдарына қолдау көрсетудеміз. Осы мекемеде таңның атысынан күннің батысына дейін жұмыс жасайтын жұмысшылардың қаладағы қоғамдық көлікте тегін жүруін ұйымдастырдық. Сонымен қатар, еліміздің белгілі тыңығу орындарына жолдама беруді бастадық. Осы жылы бұл қолдаудың ауқымы кеңейді. Қазіргі уақытта кәсіпорындағы күрделі жағдайға қарамастан, бір орталық мемлекеттік органдармен бірлесіп, жалақыны өсіру бағытында жұмыс жүргізудеміз», — деді аймақ басшысы.

Облыс әкімі кәсіпорын қызметкерлеріне еңбек етуге лайықты жағдай жасалатынын, әлеуметтік қолдау көрсетілетінін атап өтті. Жұмысшыларының айлығын өсіруге ниетті жұмыс берушілерге өз тарапынан қолдау көрсетуге дайын екенін жеткізді.

Кездесу нәтижесінде облыстық бақылау жөніндегі басқарма басшылығына Қызылорда қаласы және аудан әкімдерімен бірлесіп отырып, еңбек жанжалдарының туындау мәселелеріне тұрақты мониторинг жүргізуді тапсырды. Сондай-ақ өндірістік жарақаттану себептеріне талдау жүргізіліп, оның алдын алу жөнінде ұсыныстар әзірленуі керек.

Бұдан әрі аймақ басшысы «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» және «Казгермұнай» БК ЖШС ұжымдарымен кездесті.

Айта кетейік, өткен жылы жұмыс берушілермен келіссөздер жүргізу нәтижесінде 52 ірі кәсіпорынмен өзара ынтымақтастық жөнінде ұшжақты меморандумдарға қол қойылды. Атырау облысының қорытындысында өткен жылы облыс бойынша 80 кәсіпорындағы 34 мыңнан аса жұмыскердің жалақы мөлшері 4-50 пайыз аралығында артты. Бұл жұмыстар биыл да жалғасын табады.

# «БАРЫСТАР» БӘСІ ҚЫЗЫЛОРДАДА ТАҒЫ БІР АЙТУЛЫ ТУРНИР ӨТТІ

Өткен жылы Айдос Сұлтанғали грек-рим күресінен Сербианың Белград қаласында өткен әлем чемпионатында қола жүлде иеленді. Осыны жетістік күш-қуаттың гана көрсеткіші емес, ол — ұлттық рухтың көрінісі. Спортшыларымыздың дайындығы, жеңіске деген жігері арқасында өткен жыл Сыр спорты үшін нәтижелі әрі табысты болды. Аймақ спортшылары Қазақстан Республикасы чемпионаты мен кубогында 1 078 медаль жеңіп алса, Әлем және Азия чемпионаты мен кубоктарынан 218 медальға қол жеткізді. Осылайша Сыр спортшылары соңғы бес жылдықтағы рекордты жаңартты, — деді облыс әкімі.

Инфрақұрылымын дамытуға ерекше мән беріледі. Бүгінде 10 денешынықтыру және спорт кешенінің құрылысы жүргізілуде. Бұдан бөлек, биыл облыс орталығынан қуны 6,9 млрд. теңгені құрайтын көпсалалы спорт кешенінің іргетасы қаланбақ.

Ал жергілікті «Қайсар» футбол клубы үшін заманауи жабық стадион салу демеуші есебінен атқарылмақ. Былтыр Балалар жылы аясында демеушілер көмегімен 1,6 млрд теңгеге 80 спорт-ойын алаңы салынып, тарту етілді.

Турнирде еліміздің үш қаласы мен 17 облысы, ҰҚК-не қарасты құрылымдардан барлығы 24 команда құрамына жинақталған 120-дан аса балуан бақ сынады.

Жарыстың алғашқы күнінде жеребе тарту рәсімі өткізілді. Республикалық турнирге келген қонақтар этноауыл көрмесінде ұлттық спорт ойындарынан сайысқа қатысты.

Алдымен балуандар командалық есепте сайысқа түсті. Бұл сында ҰҚК

орталық аппараты атынан шыққан балуандар жеңіске жетіп, оларға 500 мың теңге көлемінде ақшалай сыйақы берілді. Одан кейінгі орындарды Қызылорда және Түркістан облыстарының командалары бөлісті.

Жарыстың екінші күнінде екі салмақ дәрежесі бойынша түйе балуандар анықталды. Алдымен 90 келіге дейінгі салмақта ҰҚК орталық аппаратынан Қайсар Мұхамедия жеміпаз атанса, атыраулық Демеу Бақыт пен Шекара академиясынан Дулат Қасымов жүлделі орындары бөлісті.

Ал 90 келіден жоғары салмақта жерлесіміз Ғалымжан Әбдірахмановқа тең келерлік ешкім болған жоқ. Ол финалда актебелік Айбек Зарлықты қапы қалдырды. Үздік үштікті ҰҚК-нің Үкіметтік байланыс қызметінен Айдос Мүсіров түйіндеді. Жеміпаздар мен жүлдегерлерге 200-500 мың теңге аралығында ақшалай сыйақы берілді.

«СБ» ақпарат

# ОТБАСЫ ШУАҒЫНЫҢ ШЫРАҚШЫСЫ

А.Тоқағамбетов атындағы мәдениет үйінде 8 наурыз — Халықаралық әйелдер күні мерекесі қарсаңында облыстық білім басқармасының ұйымдастыруымен «Ана — отбасы шуағы» атты облыстық аналар форумы өтті.

Қоғамдағы әйел, ана рөлін арттыруды мақсат еткен форумға облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағанов пен облыстық білім басқармасының басшысы Мейрамбек Шермағанбет қатысты.

Тағылымы мол іс-шараның ашылуында облыс әкімінің орынбасары құттықтау сөз сөйлеп, форумның маңыздылығына тоқталды.

Облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес бүгінде тәрбие бағытындағы жұмыстарды күшейту үшін кешенді тұжырымдама әзірленді. Осыған орай, облыстық аналар форумы өтуде. Бүгінде қыз-келіншектер саясатта, бизнесіте және шаруашылықтың түрлі саласында ер-азаматтармен иық тіресе еңбек етіп жүр. Өңірдегі халық саны 800 мыңның үстінде болса, оның 400 мыңнан астамы — әйелдер қауымы. Облыс бойынша мемлекеттік қызметшілердің 40 пайызы, медицина қызметкерлерінің 87 пайызы, педагогтердің 78,3 пайызы нәзік жандар. Сол үшін адамзат баласына әйелден құдіретті, анадан ардақты, қыз-келіншектерден аяулы ешкім жоқ. Әлемдегі ең жоғары мадақ та, құрмет те

нәзік жандарға арналады, — деді облыс әкімінің орынбасары Н.Сақтағанов.

Жиында ҚР Парламенті Сенатының депутаты Ақмарал Әлназарова барша әйелдер қауымына бейнеқұттықтау жолдаса, мұқтаж отбасылардың балаларына көмек көрсететін «Розалия және Эмир» аутизм орталығының директоры Розалия Рахимова жылы лебізін білдірді. Сондай-ақ, ұрпағымен бірге жетістікке жеткен аналардың атынан Айсұлу Нұрпейісова барша білім жана-шырларына алғысын білдірсе, жыршы, термеші Айнуыр Ерниязова ұлттық салт-дәстүр мен ата-ананың бала өміріндегі рөлі туралы пікір білдірді.

Тағылымды кеште облыс әкімінің орынбасары дарынды балаларды тәрбиелеп отыратын көпбалалы аналарды Алғыс хатпен марапаттап, құрмет көрсетті. Форум соны мерекелік концертке ұласты.

Аружан ЕРАЛЫ, «Сыр бойы»

Қатысушылар алдымен облыстық тарихи-өлкетану музейі қорындағы қайталанбас зергерлік бұйымдар көрмесін тамашалады.

# ӨНДЕУ ӨНЕРКӘСІБІ: ӨСІМ ҚАЛАЙ ҚАЛЫПТАСТЫ?

Өндеу өнеркәсібін дамытуға басты жаңалық — шыны зауытының іске қосылып, былтырғы қазан айынан бастап өнім өндіріуі. Былтыр зауыт барлығы 32 мың тоннаға жуық шыны өндіріп, Астана, Алматы, Шымкент қалаларына жіберілді. Алдағы уақытта өнімді Өзбекстан, Тәжікстан және Қырғызстанға экспортқа шығару жоспарлануда.

Зауытты іске қосу арқылы шағын және орта кәсіпкерлікте өрістетудің белдеуін дамытып, 8 ілесе кәсіпорын құруға жұмыс жүргізіледі. Шыны зауытының тағы бір артықшылығы — индустриялық аймақты дамытуға да серпін береді. Бұған қоса, Индустрияландыру бағдарламасы аясында биылғы жылы қуны 1 млрд теңгені құрайтын 5 жоба іске қосылды.

Жалпы, өнеркәсіп саласындағы өсім ірі кәсіпорындардың өнім өндірісін ұлғайту және жана жобаларды іске қосу есебінен мүмкін болып отыр. Бұл ретте шыны зауытының іске қосылуы — облыста ғана емес, бүкіл Қазақстан бойынша құрылыс индустриясының дамуына серпін беретін жоба.

Сондай-ақ, өңірде басқа да ірі инвестициялық жобаларды іске асыру бойынша жұмыстар жалғастырылуда. Мысалы, агроөнеркәсіп саласында — Жанакорған ауданындағы «Қызылорда — Агроплюс» серіктестігінің томат пас-тасын өндіру жобасы қолға алынған. Жоба құны — 28,1 млрд теңге. Қазіргі уақытта жобаның инвесторы әлемнің 13 елінде қызанақ өндірумен айналысатын түрік холдингі компаниясы — «Коч Холдинг». Оның еншілес кәсіпорны «Тат» компаниясымен бірлесіп, тамшылатып суару әдісімен 10 гектар жерге тәжірибелік қызанақ тұқымы егілді.

Былтыр тамызда тараптар жобаның жол картасын әзірлеп, атқарылатын шаралар мен мерзімдері көрсетіліп, бекітілді. Зауыт құрылысын бастау үшін жобалау жұмыстары әзірленуде.

Тау-кен металлургиясын дамыту мақсатында «Шалқия» және «Баласауыскандық» кеніштерін игеру жобалары іске асырылуда. «Шалқия» — дүние жүзіндегі ең ірі бес кеніштің бірі. Жоба бойынша жана стратегиясы әзірленіп, тау-кен бөлігі мен жерүсті кендері бойынша түзетулер енгізілген. Бүгінде жерасты кенішінің құрылысы жүргізілуде.

Шетелдік инвестордың қатысуымен тау-кен металлургия саласындағы екінші жоба — «Баласауыскандық» кен орнын игеру басталды. 2016 жылдан бастап тәжірибелік-өндірістік кешен жұмыс жасайды. Былтыр «Баласауыскандық» ванадий кенішінен Ұлыбританияға аммоний метаванадаты, Ресейге ферромолибден экспортталды.

— Қазір сайлау науқаны жүргізіліп жатыр. Халық өзінің аманатқа қиянат жасамайтын білікті, абыройлы өкілдерін таңдайтын мүмкіндігі ады.

Ендігі сөзді сайлаудың реформалауы туралы айтыңызшы.

— Еліміз тәуелсіздік алған

# ТҰҒЫРЫМЫЗДЫ БИҚТЕТКЕН ТҰЖЫРЫМДАР

(САЯСИ ҒЫЛЫМДАР ДОКТОРЫ, ПРОФЕССОР МҰРАТ БАҚТИЯРҰЛЫМЕН СҰХБАТ)



— Мұрат Бақтиярұлы, бүгінде ел Президенті ұсынған «Мықты Президент — ықпалды Парламент — есеп беретін Үкімет» тұжырымы қоғамға дендеп енді ме?

— «Әділетті Қазақстан» идеясының негізгі мәні де осы тұжырымда тұр. Саяси реформалардың жүзеге асуына да осы тұжырым қызмет етеді. Сондықтан ол қоғамға бірте-бірте ене береді. Сол ұстаным бойынша бүгінде іске асқан реформалар қанша. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев реформалар мазмұнының толығырақ беретін арнайы айтқан болатын және жалпыұлттық ынтымақты, сонымен бірге билік пен қоғамның серіктестігін нығайта береміз деген еді.

Сұрағына орай осы тұстан да бір жауап таба аласын. Мысалы, қазір билік қызметі болады, кез келген журналист әлеуметтік желі белсенділері мемлекеттік қызметкердің іс-әрекетін толықтай жариялай алады. Халыққа қызмет етіп жатқан тұлға жариялықтан жасырынуға тиіс емес.

— Саясатта тоталитарлық, авторитарлық деп аталатын жүйелер бар. Осы екі саяси жүйенің айырмашылығы неде? — Тоталитаризм жүйесінде қоғам өмірі толықтай биліктің бақылауында болып, азаматтардың конституциялық құқықтары жойылады. Ол позиция мен өзге де саяси ой-өкілдері қуғын-сүргінге ұшыратылады. Бір партия арқылы идеологиялық үстемдік орнатады.

1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы кенестік тоталитаризмге қарсы шыққан халық буырынашы болатын. Авторитаризмді де жоғарыда айтылған саяси жүйенің бір тармағы десек болады. Бұл жүйеде біржақты билеу, басқарушылардың бағынушыларға үстемдік жүргізуі орын алады. Оппозициялық бағыттағы баспасөзге қатаң тыйым салынады, жеке бостандықтар мен саяси бәсекелестік шектелді.

Бір сөзбен айтқанда, авторитарлық жүйе — билік құрушы элитаның халықтан бөлініп шығуы.

— Бұл жүйе қашан орнады, дәл осы жүйені күні кешеге дейін бастап кешіккеніміз шындық.

— КСРО ыдырап, еліміз тәуелсіздік алған соң Қазақстанда 1995 жылғы Конституцияның нәтижесінде бір адамға бағынатын авторитарлық жүйе орнады. Конституция бойынша сот, заң шығару секілді атқарушы органдар формальді түрде дербес болғанымен, олардың құрамын жасақтау ісі тек Президентке бағынды.

Авторитарлық жүйеден бас тарту 2022 жылғы қаңтар оқиғасынан соң басталды.

— Қазір сайлау науқаны жүргізіліп жатыр. Халық өзінің аманатқа қиянат жасамайтын білікті, абыройлы өкілдерін таңдайтын мүмкіндігі ады.

Ендігі сөзді сайлаудың реформалауы туралы айтыңызшы.

— Еліміз тәуелсіздік алған

жылдардан бері сайлау және саяси партиялар жүйесі өзінің даму жолында бірнеше белестен өтті. Кенестік жүйеден босап шыққан жас мемлекетімізге лайықты жол іздеуімізге аз күш жұмсалмады, оның ішінде сәтті болғандары да, кемшілікке ұрынған тұстарымыз да көп болды.

Бірақ, барлық қателіктерден сабақ алып, сайлау заңнамасына қатысты өзгерістер енгізу уақыт талабы еді. Соның бір айғағы — Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша әзірленген саяси реформалар топтамасына кіретін «Саяси партиялар туралы» және «Сайлау туралы» заңдар қабылданды.

Қоғам тарапынан бұл заңдарға қатысты түрлі сыни пікірлермен қатар, ұсыныстар да айтылды. Мұның солай болуы таңсық емес. Өйткені, әлемде мінсіз жетілдірілген сайлау жүйесі әлі де ешбір елде жоқ. Ұзақ жылдар бойы тоталитарлық жүйеде өмір сүріп, тек бір ғана монополия партияның догмалық қағидалатынын шырғауында болған біз сияқты мемлекетке бір мезетте көппартиялық жүйеге көшу оңай ма. Қандай деңгейдегі сайлау болсын, ол қоғамда дау-дамай, қайшылық туғызу үшін емес, керісінше, сол қайшылықтардың алдын алып, халықтың ынтымағы мен бірлігін нығайтуға, ұлтты ұйыстыруға, сол арқылы халықтың әлеуетін, тұрмысын жақсарту үшін өткізілуі керек. Сайлау процесі адал және ашық өткізілсе, халықтың азаматтық болмысын нығайтуға және қоғамның мемлекеттік билік жүйесіне сенімін күшейтуге әсер етеді.

Сондықтан да елдегі сайлау процесін әділ де ашық өткізу ең маңызды мәселенің бірі екені сөзсіз. Мұны Президент үнемі айтып келеді. Осы арқылы біздің мемлекеттілігіміз бен тәуелсіздігіміздің мызғымалына айрықша мүдделілік танытатын, еліміздегі саяси орнықтылыққа айрықша ұйытқы бола алатын әлеуметтік күштерді топтастыра және тұрақты саяси жүйе қалыптастыра аламыз.

— Мұрат ағай, мен сонау тоқсаныншы жылдары өзіңізден дәріс алған студенттің бірімін. Институтта оқып жүргенімізде кенестік дәуірдің сайлау жүйесін сынаған ұстаздарымыздың: «Кенес Одағының Жоғарғы Кеңесіне депутаттар сайлағанда көбіне малшылар, егіншілер, көміршілер таңдалатын. Олар кез келген заң қабылдағанда тек қол көтерушілердің қатарын толықтырушылар болатын. Сондықтан заң шығарушы органға заңгерлер мен құқықтанушылар, ғалымдар сайлануы керек», — дегені есімде қалды.

Тәуелсіз еліміздегі сайлаудың пропорционалдық тәсіліне қандай пікір білдіредіңіз?

— Осы сұраққа біраз ой жүгірту керек. Депутаттар құрамының отыз пайызын жастар мен әйелдерге беру — «Демократияның негіздерімен сәйкес келе ме екен?» Осындай

сұрақты өмірдің өзі көлденең тартпасына кім кепіл? Міне, еңін де соның жайын қозғайын. Депутаттың біліктілігі, өмірлік тәжірибесі оның жасы мен жынысына қарай ма? Кім өзінің қарым-қабілетін, біліктілігін көрсете, саяси долада шынайы оза шапса, халық соған сенеді.

Сонда ғана барлық қоғамдық тартыс пен дау жана демократиялық үрдістер қалыптастырған заңдарға, институттарға, рәсімдерге сәйкестендіре отырып шешілетін болады.

Уақыт бір кезде депутаттарды таңдаудың бұдан да үздік тәсіліне орын берер. Осы мәселені өркендетті елдердің тәжірибесіне сүйене отырып, тағы бір сарағаннан дұрыс болады деп санаймын.

— Мемлекет басшысы ұсынған негізгі тұжырым бойынша Президенттің өзі, оған бағынышты орган басшылары саяси партиялардың құрамынан шықты. Кейде көппартиялық дегенді «бас-басына би болу» деп те ойлауға болар еді, бірақ мұны әрине, дамудың даңғыл жолы деп түсінеміз. Сіздің ойыңыз?

— Президенттің саяси бейтараптығы, партияның мемлекетісіне араласпауы да еліміздің саяси өмірінде жана кезеңнің басталғанын көрсетеді. Өйткені, саяси монополия — билік үшін сан жағынан ұтысты болғанымен, сапа, моральдық жағынан ұтылғыс. Саяси бәсекелестік жоқ жерде тоқырау, дағдарыс орын алады. Біз оны басымыздан өткердік. Саяси бәсекелестік елдің дамуы, болашағы туралы балама бағдарламалар тудырады. Жасырын, астыртын тәсілдердің үлесі азаяды, белсенді, білікті, жана тұлғалы азаматтар саясат сахнасына шығады.

— Кешегі билік тұсында «өздық отыз елдің қатарына кіру», Қазақстан — 2030» деген сияқты тұжырымдар болды. Қазір олар жоқ...

— Жүрт бөз сөзден, жарқын болашақ туралы жалынды ұрандардан жалықты. Халық мемлекеттік органдардың өз үлесін қағаз бетінде емес, іс жүзінде орындағанын қалайды.

«Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты халыққа арнаған Жолдауында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев осылай деді.

Ел басшысының тұжырымдарына зер салып қарасаңыз, онда нақты іске асатын, орындау механизмдері бар мәселелер қамтылған. Қашан болатыны белгісіз нәрсе айтылмайды.

Мысалы саяси партияларды тіркеу үшін ол ұйым жиырма мың адам жинау керек болатын. Ал, қазір партия құру үшін бес мың адам саны жеткілікті. Бұл тұжырым осы кездің өзінде іске асырылды. Жана партиялар тіркеліп жатыр.

Бұрын аудан, қала әкімдерін жергілікті мәслихат депутаттары сайлайтын болса, қазір оларды халық сайлайтындай тәсіл енгізілді. Сол секілді Конституциялық соттың құрылуы, күштік құрылымдардың сотқа ықпал етпеуі секілді көптеген тұжырымдар іске асырылып келеді.

— Біз басымыздан өткеріп отырған қоғамнан ақиқатты таба аламыз ба?

— Ақиқатты іздейтін жан жоқ. Бәріміз де іздеп жүрміз. Бірақ, оның тұрағын дәл білетін «жол сілтеуші» бұрын да болмады, қазір де бар дей алмайсыз, келешекте кездесе ме, жоқ па, оны келешек иелері көреді.

Бүгінде біз үшін, тәуелсіз ел азаматтары үшін бір ғана ақиқат бар. Ол баршаңызға парыз болған іс — қазақ мемлекетінің тәуелсіздігін келер ұрпаққа аманаттап тапсыру.

Сұхбаттасқан, Дүйсенбек АЯШҰЛЫ, «Сыр бойы»



## Қызылорда облыстық мәслихаты депутаттығына №7 сайлау округінен кандидат Ембергенов Жұмабек Әшімұлының сайлауалды бағдарламасы

### Өмірдерек



Мен, Ембергенов Жұмабек Әшімұлы 1976 жылы Қызылорда облысы Сырдария ауданы Теренөзек кентінде дүниеге келдім. №36 А.Жданов атындағы орыс орта мектебін 1993 жылы бітірдім. 1994-1996 жылдары Отан алдындағы әскери борышымды өтедім. 1996-1998 жылдары аралығында Қызылорда аграрлық-техникалық колледжінде «Ауыл шаруашылығын механикаландыру» мамандығы бойынша білім алдым. Сонымен бірге Қазақ академиялық университетінен «Заңгер», «Болашақ» университетінен «Жергілікті мемлекеттік басқару» мамандығын меңгердім. 2001-2007 жылдары ішкі істер органдарында әртүрлі лауазымды қызметтер атқардым. 2007 жылдан бастап «Азаматтарға арналған Үкімет» мемлекеттік корпорациясы коммерциялық емес акционерлік қоғамының Қызылорда облысы бойынша филиалы Халыққа қызмет көрсету бойынша Сырдария аудандық бөлімінің басшысы қызметін жасап келемін. Сырдария аудандық мәслихатының VI, VII шақырылым депутаты болып сайландым. «AMANAT» партиясы Сырдария аудандық филиалының Партиялық бақылау комиссиясының төрағасы қызметін атқарып келемін. Республикалық, облыстық деңгейдегі жоғары марапаттарды бірнеше мәрте иелендім. Отбасылымын, 5 бала тәрбиелеудемін.

### Сайлауалды бағдарлама

**Құрметті аудан тұрғындары!** Қызылорда облыстық мәслихатының болашақ депутаты ретінде өзімнің алдыма бірқатар маңызды міндеттері қоямын және оның орындалуына ықпал етемін. Барлық жұмыстарыма «AMANAT» партиясының Тұғынамасында, сондай-ақ сайлауалды бағдарламасында айқындалған жоспарларды негізге аламын. Сырдария ауданының әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси, рухани-мәдени дамуына өз үлесімді қосу бағытында облыс көлемінде департамент, басқарма, дербес бөлім және басқа да сан түрлі сала басшыларымен әріптестік байланыс орнатып, депутаттық ұсыныстар енгіземін. Ауданның негізгі макроэкономикалық көрсеткіштерінің орындалуына ықпал етіп, бюджет қаржысының тиімді игерілуіне, халық сұранысына сай шешімдердің қабылдануына жұмыс жасаймын. Жоба-сметалық құжатты дұрыс маңызды жобаларға бюджеттен қаржы қаралуына ықпал етемін. Облыстық сессияларда, тұрақты комиссия отырыстарында депутаттық ұсыныстарымды айтып, халықтың сұранысын атқарушы билікке жеткіземін. Кәсіпкерлікті дамыту, оның ішінде кәсіпін жанадан бастайтын азаматтарға мемлекет тарапынан көрсетілетін жеңілдіктерді тиісті бөлім, мекемелермен бірге тұрақты түрде ақпараттандыру, насихаттау жұмыстарын жүргіземін. Жастар арасындағы құқықбұзушылықты алдын алу мен болдырмау мақсатында құқық қорғау органдарымен бірлесіп жұмыс істеймін. Ауданымыздағы білім ордаларындағы оқушылармен, студенттермен байланыс орнатып, бастамаларына, жобаларына қолдау көрсетемін. Өнерге құштар жастарға, түрлі үйірмелерге қатысатын оқушыларға шығармашылық тұрғыда қолдау көрсетуді назарда ұстаймын. Халықтың осал топтарына қайырымдылық, демеушілік көмек көрсету жұмыстарын ұйымдастыруға атсалысамын. Атырап жатқан жұмысым жөнінде халыққа есеп беріп, ашықтық, жариялылық қағидатын жұмысымның басты арқауы етемін. **Құрметті сайлаушылар!** Біздің алдымызда қазір негізгі бір міндет бар, ол – Әділетті Қазақстан құру. Бұл – бәріміз үшін маңызды және бәріміздің бірлесіп етуімізбен қалыптасатын дүние. Сондықтан өзімнің сайлауалды бағдарламамда Қызылорда облыстық мәслихатының болашақ депутаты ретінде бірқатар басым бағыттарға Сіздердің назарларыңызды аударғым келеді: 1. Қызылорда облысы мен Сырдария ауданының даму

бағдарламасында нақтыланған көрсеткіштер мен жоспарлардың орындалуына ықпал ету. 2. Сырдария ауданына қарасты барлық елді мекендерде жасалатын ауқымды жобалардың жүзеге асырылуына жан-жақты ықпал жасау. 3. Бүгінде Сырдария ауданы бойынша газдандыру жұмысы қарқын алуға. Туған жеріміздің әрбір азаматы «көгілдір отынды» пайдалануы тиіс. Сондықтан алдағы 5 жылда ауылдарды газдандыру мәселесін өз назарыма аламын. 4. Саламатты өмір салтын ұстану кез келген адамның өмірлік қағидасына айналғаны жөн. Денсаулық сақтау саласын жақсартуға бағытталған жобаларды жүзеге асыру, заманауи құрылыстармен қамту – маңызды рөл ойнайды. 5. Халықтың жайлы тұрмысын жақсарту мен тұрақты жұмыспен қамтылуына кешенді іс-шаралар жүзеге асырылады. «AMANAT» партиясының азаматтардың кірісін арттыруға арналған кешенді бағдарламасы басты бағытымызға айналады. 6. Жергілікті халықтың әлеуметтік қамқорлығын күшейту барысында атқарылатын жүйелі жұмыстардың бәрін ашық, әділетті жүргізуді қамтамасыз етеміз. 7. Жас ұрпаққа сапалы білім беру бағытында нақты реформаларға иек артып, «Жайлы мектеп» ұлттық жобасының орындалуына ықпал жасау. 8. Мемлекеттік бағдарлама шеңберінде шағын және орта бизнесті дамытуға күш салу, жергілікті жұртшылықтың жеке кәсіпкерлікпен айналысуына жағдай жасау. 9. Тұрғындарға ең қажетті электр, ауызсу, аяқсу мәселесінің шешілуіне атсалысу. 10. Қоғамның қозғалуына күші – жастардың жұмысқа орналасуына, сапалы білім алуына зор мүмкіндік туғызу. 11. Қоғамдағы аналар және мүмкіндігі шектеулі жандар, аз қамтамасыз етілген отбасылардың баспанамен қамтылуына қатаң қалағалау. 12. Ауданның тұрақты ретінде ауданның айбыр-беделін қалыптастыру, сол арқылы жас буынға патриоттық үлгі-өнеге көрсету. 13. Сыбайлас жемқорлық қылмыстарына тосқауыл қоюға атсалысу. **Құрметті сайлаушылар!** Мен Сырдария ауданының тарихынан, даму белестерінен толық хабардармын. Өз білімім мен тәжірибемді ауданымыз дамуына жұмсауға бел будым. Осылайша сіздердің қолдауларыңызды өркез сезініп келемін. Алдағы сайлауда да маған нақты қолдау көрсеткендеріңізге, бәріміз бірлесіп жұмыс жасайтынымызға сенемін! *Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді.*

## Қызылорда облыстық мәслихаты депутаттығына №7 сайлау округінен кандидат Көшербаев Нұрхан Серікұлының сайлауалды бағдарламасы

### Өмірдерек



Көшербаев Нұрхан Серікұлы 1976 жылы 20 тамызда Қызылорда облысы Сырдария ауданында дүниеге келген. 1982 жылы №35 М.Калинин атындағы қазақ орта мектебінің 1-ші сыныбына қабылданып, 1990 жылы 9-шы сыныпты бітірген. Осы жылы Жезқазған қаласындағы музыкалық училищеге түсіп, аталған оқу орны 1994 жылы аяқталды. Еңбек жолын 1994 жылы Теренөзек кентінің әуез мектебінде мұғалім қызметінен бастады. Ол 1997 жылы Н.Бекежанов атындағы Қазақ музыкалық драма театрының актері болып қабылданды. 2008 жылдан бастап «Қарауылтөбе» ауылдық клубының клуб менгерушісі қызметін атқарған. 2008 жылдың 17 шілдесінен бастап Сырдария аудандық мәдениет үйлері мен клубтары мемлекеттік кәсіпорын директоры болып тағайындалды. 2013 жылы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің «Музыкалық білім» мамандығы бойынша бітірген. 2014 жылы Н.Бекежанов атындағы Қазақ музыкалық драма театры мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын директорының орынбасары қызметін атқарған. 2014 жылдың шілдесінен бастап Сырдария аудандық мәдениет үйінің директоры қызметін атқарып келеді. Көшербаев Нұрхан Серікұлы бірнеше жыл қатарынан сан түрлі марапатқа қол жеткізген. Айта кетейік, мәдениет саласының білікті басшысы 2002 жылы облыс әкімінің стипендиаты. Аудан және облыс әкімінің «Алғыс хатымен», ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің «Құрмет грамотасымен» марапатталған. 2021 жылы «ҚР Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісінің иегері атанды. Жоғары білікті санаттағы маман. Отбасылы, 3 ұл, 1 қыз тәрбиелеп отырған өке.

### Сайлауалды бағдарлама

**Құрметті аудан тұрғындары!** Өздеріңіз білетіндей, мен мәдениет саласында қажырлы еңбек етіп келемін. Осы кезге дейін халықпен тығыз байланыс орнатып, елдік мүддені жоғары қоюға барымды салудамын. Өмірлік тәжірибем, білімім, күш-жігерімнің арқасында халықтың зор аманатын арқалауға бел будым. Саяси науқанда бағымды сынап, халықтың сенім үлесінен шығамын деген үміттемін. №7 сайлау округінен облыстық мәслихат депутаттығына тіркелген үміткер ретінде аудан жұртшылығына сайлауалды бағдарламамды ұсынуды жөн көрдім. **Құрметті сайлаушылар!** 1. Жалпы аудан экономикасының әлеуетін бағамдап, маңызы жоғары жобалардың шешілуіне барынша ықпал ету – негізгі міндетім саналады. 2. «Әркімнің туған жері – Мысыр шаһары» деген сөз бар. Бұл ретте, туған жерімнің ластануына, қоршаған ортаның бүлінбеуіне жан-жақты жұмыс жасаймын. 3. Өңірімізде бірнеше жылдан бері аяқсу тапшылығы орын алуға. Су негізінен сарқылатын қазба байлықтың санатына жатады. Алдағы уақытта егін етумен айналысатын жергілікті халыққа аяқсу жеткізуге атсалысамын. 4. Сырдария ауданы бойынша газдандыру жұмысы қарқын алып, елді мекендерге «көгілдір отын» жеткізуге жоба қарастырылған. Өз кезегінде кезек-кезеңімен жасалатын газ тарту жұмысын өз бақылауыма аламын. 5. Қазіргі уақытта халықтың әл-ауқатын жақсартуға арналған кешенді іс-шаралар қабылдануда. Мемлекет басшысының пәрменімен жасалатын ауқымды кен бағдарламалардың аудан көлемінде жүзеге асырылуына ықпал етемін. 6. Бизнес дамыса, халықтың тұрмысы түзелетіні

анық. Кәсіпкерлікке ынтасы зор азаматтарға мемлекет тарапынан қолдау көрсетілуі тиіс. 7. Осы күні тұрғындардың алаңдататын басты мәселесі – мал ұрлығы. Өрісте жайылған малынан айырылған халықтың жағдайын ұғыну қиын емес. Құқық қорғау органдарымен бірлесіп, барымташылардың іс-әрекетіне тосқауыл қойған дұрыс. 8. Мәдениет саласының қызметі сан тарапқа бөлінеді. Өнер майталмандары идеологиялық маңызы бар іс-шаралардың басы-қасынан табылады. Қай кезде де, қалың көпшіліктің ыстық ықыласына бөленген мәдениет қызметкерлеріне қолдау көрсетемін. 9. Аз қамтамасыз етілген отбасылардың жағдайын жақсартуға арналған әлеуметтік бағдарламаның аудан көлемінде орындалуы басты назарымда болады. 10. Білім саласы қызметкерлерінің мәртебесін көтеру бағытындағы жұмыстарды атқаруға ықпал етемін. 11. Мәдениет саласын дамытуға үлес қосамын. 12. Мәдени-көпшілік іс-шараларды ұйымдастыруға бастамашы боламын. 13. Мәдениет нысандарының халыққа сапалы қызмет көрсетуіне бақылау жасаймын. 14. Тұрғындармен тығыз байланыста боламын. 15. Жеке қабылдаулар өткіземін. 16. Халықпен тұрақты түрде кездесулер ұйымдастырамын. 17. Бюджет қаражатының сапалы игерілуіне жұмыс жасаймын. 18. Сырдария ауданын дамытамын. 19. Теренөзек кентінің таза, санитарлық тұрғыда талапқа сай болуына атсалысамын. Маған дауыс берсеңіздер, осы жұмыстарды атқарамын. *Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді.*

## Қызылорда облыстық мәслихаты депутаттығына №7 сайлау округінен кандидат Рахымжанов Әлібек Рахымжанұлының сайлауалды бағдарламасы



Рахымжанов Әлібек Рахымжанұлы 1976 жылы 10 тамызда Қызылорда облысы Сырдария ауданы Теренөзек кентінде дүниеге келген. 1983 жылы №36 А.Жданов атындағы орта мектептің 1-сыныбына қабылданып, 1993 жылы 11 сыныпты бітірген. Осы жылы Қызылорда политехникалық институтының «Гидромелиорация» факультеті «Лесомелиорация» мамандығы бойынша оқуға түсіп, оны 1998 жылы аяқтаған. Еңбек жолын 2001 жылы «Сыр бойы орманы» МКК-да аға қорықшы болып бастаған. 2002 жылы «Сырдария орман және жануарлар дүниесін қорғау мемлекеттік мекемесінде бас орманшы жұмысын жасаған. Ал 2005 жылы аталған мекеме директорының орынбасары қызметін атқару жауапкершілігі жүктелген.

Өз саласының білгірі 2011 жылы Сәкен Сейфуллин ауылдық округіне әкім болып тағайындалған. 2013 жылдан бастап «Ақтоған», «ҚазСпектр Строй» ЖШС-да сапа бақылау инженері қызметін атқарған. 2019 жылы «Сырдария сушар», ОУ-да инженер-гидротехник қызметін атқарған. 2019 жылдың желтоқсан айында Сырдария орман және жануарлар дүниесін қорғау мемлекеттік мекемесіне директор қызметіне тағайындалған. Рахымжанов Әлібек Рахымжанұлы аудандық, облыстық, республикалық дәрежедегі марапаттарға қол жеткізген. Отбасылы, 4 ұл, 1 қыз тәрбиелеп отыр.

### Сайлауалды бағдарлама

**Қалірілі ағайын!** Мемлекет басшысының Жарлығы бойынша 19 наурыз күні ҚР Парламенті Мәжілісі мен жергілікті мәслихат депутаттарының сайлауы өтетіндігі баршаға мәлім. Әділетті қоғам құруға бет бұрған еліміз жана кезеңге қадам басты. Осындай күрделі кезеңде депутат болып, зор жауапкершілік арқалау, ел мүддесі үшін еңбек ету кімге болса да сын. Мен облыстық мәслихат депутаттығына тіркелген кандидат ретінде Сырдария ауданының халқына өз сайлауалды бағдарламамды ұсынғым келеді. **Құрметті сайлаушылар!** 1. Көпқабатты тұрғын үйлердің кәріз жүйесіне қосылуына ықпал ету. 2. Келешектің тұтқасы – балалар. Балалардың сапалы білім алуына жағдай жасау. 3. Жергілікті жерлердегі әлеуметтік нысандардың, анығын айтқанда, білім беру, спорт, денсаулық сақтау, мәдениет

үйлерінің материалдық-техникалық базасын нығайту жолдарын қарастырып, шешуге жұмыс жасауын бақылау. 4. Жастар тәрбиесі мен ұлттық құндылықтарды ұштастыру мақсатында аудан, облыс көлемінде біршама іс-шараларды ұйымдастыруға атсалысу. 5. Депутаттыққа үміткер ретінде түсіп жатқан Сырдария ауданына қарасты елді мекендердің жағдайын жасауға тікелей ықпал ету. 6. Жергілікті тұрғындарды сапалы әрі арзан азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін әлеуметтік дүкен жұмысын жандандыру бағытында жұмыс істеу. 7. Орман шаруашылығы саласындағы қордаланған мәселелерді шешуге жағдай жасау. 8. Қоршаған ортаның ластануына, табиғаттың экологиялық апатқа ұшырауына кешенді іс-шаралар қабылдауға мұрындық болу. 9. Сыр өңірі республика бойынша балық шаруашылығымен аты шық-

қаны мәлім. Өз кезегінде балық шаруашылығын дамытуға арналған кешенді іс-шараларды қабылдау. 10. Халықтың талап-тілегін ескеріп, қоғамның тұрақтылығын сақтауға атсалысу. 11. Қызылорда облысының дамуына өз үлесімді қосу. Сырдария ауданын өркендетуге белсене атсалысу. 12. Теренөзектің жасыл желекке айналуына ықпал ету. 13. Жастар арасындағы құқықбұзушылық қылмыстарын болдырмауға жұмыс істеу. 14. Бағдарламалар санын көбейтіп, жылдамдықты өлшейтін белгілерді орнатуға атсалысу. 15. Ішімдік пен нашарлықтың алдын алу. 16. Мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігін арттыру. 17. Халықтың баспанамен қамтамасыз ету.

18. Жастарды Отанды, туған жерді сүйуге, құрметтеуге шақыру. 19. Елді мекендердің тұрмыс жағдайын жақсарту. 20. Жаңадан нысандардың салынуына үлес қосу. 21. Саламатты өмір салтын және спортпен шұғылданудың тиімділігін насихаттау. 22. Бюджеттен бөлінген қаражаттарды игеру. 23. Қордаланған мәселелердің ауданға қатысты тұстарын кезек-кезеңімен шешуге ұйытқы болу. 24. Өнерлі жастарды қолдау. 25. Тегін үйірмелер санын көбейтуге жұмыс істеу. 27. Тұрғындармен тығыз байланыста болып, бірлесіп еңбек ету. Осы міндеттер – менің басты мақсаттарым. Маған дауыс беріңіздер!

*Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді.*



## Газдандыру: Қарқын үдеп келеді

Айтпақшы, әлеуметтік нысандарды да «көгілдір отынмен» қамту жұмыстары атқарылып келеді. Мысалы, биыл Шиелі кентіндегі №46 және «Алғабас» ауылындағы №157 мектептегі бу қазандықтары газға ауыстырылмақ. Екі жобаның құны 94 млн 515 мың теңге. Талай жыл көмір жағып, ыс пен қою түтіннің құрсауында отырғанға газдың пайдасы тіптен мол. «Көгілдір отын» көмірмен жылытудан арзанға шығады. Ең бастысы, жыл сайын газдандыру жұмысы қарқын алып, халықтың игілігі еселей түсеуде. Ауылдың тұрмыс мәдениеті қаланың қарымына иек артып келе жатыр. Ауызсу, жол, жарық, енді газ жетсе тіршілік, тұрмыс атаулының жана сипатқа көшкені емес пе?! Шиелі жұрты ғана емес, аймақтағы халықты «көгілдір отынмен» қамту жағы осындай нәтижеге жетіп отыр. Әу баста облыс орталығы мен кейбір кент іші ғана газдандырылған болса, кейінгі жылдары қарқын үледі. Мысалы, 2015 жылға дейін тек облыс орталығы ғана табиғи газды пайдаланып келді. Ал 2014 жылы «Бейнеу-Шымкент» магистральды газ құбыры пайдалануға беріліп, одан кейін аудан орталығы мен ауылдық елді мекендер «көгілдір отынға» біртіндеп қол жеткізе бастады. Бүгінде өңірдегі қалалар мен 19 елді мекенге газ құбыры тартылып, ондағы жұрт игілігін көріп отыр. **Шиелі ауданы**

## Қазақстанда жеке тұлғалардың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы

Қазақстандық қоғам мен мемлекетті одан әрі жаңғыртуға бағытталған реформаларды тиімді іске асыруды жалғастыру мақсатында ҚР Президентінің 2022 жылғы 26 қарашадағы №2 Жарлығымен Қазақстан Республикасы Президентінің «Әділетті Қазақстан: Бәріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым» сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары бекітілген.



Аталған Жоспардың 113-тармағына сәйкес, жеке тұлғалардың төлем қабілетін қалпына келтіру және банкроттығы туралы заң қабылдау тапсырылған. Соған сәйкес, 2022 жылдың 30 желтоқсанында «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Заң қабылданды. Аталған Заңның негізгі мақсаты – азаматтардың қарыздық жүктемесін азайту, өнімді экономикалық қызметке оралу, әлеуметтік шиеленісті жеңілдету, қарыздарды төлеуді ынталандыру болып табылады.

Заң азаматтардың банкроттықты қолдану рәсімдерінің үш түрін көздейді – соттан тыс банкроттық, сот банкроттығы, төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімі. Аталған үш рәсім де тек борышкердің өз бастамасымен ғана жүзеге асырылады, яғни, несие берушінің борышкерге қатысты аталған рәсімдерді бастауға құқығы жоқ.

### Соттан тыс банкроттық қай кезде қолданылады?

Борышкер – жеке тұлғаның банк алдындағы, микроқаржы ұйымдары, коллекторлық агенттіктер алдындағы міндеттемелері 1600 айлық есептік көрсеткіштен (2023 жылға 5 млн 520 мың теңге) аспаған жағдайда, ол соттан тыс рәсімді қолдана алады. Бірақ, қарыз алушы белгілі бір шарттарды орындауы қажет:

- ортақ меншіктегі мүлкікті қоса алғанда, меншік құқығында мүлкікті болмауы;
- арызда көрсетілген кредиторлар алдындағы міндеттемелер бойынша мұндай арыз берілген күнге қатарынан 12 ай бойы өтеудің болмауы;
- борышкерге қатысты мерзімі өткен берешек туындаған күннен бастап 18 айдан аспайтын мерзімде қарыз шарты бойынша орындалмаған міндеттемелерді өтеу немесе өндіріп алу рәсімдері жүргізілсе;
- арыз берілген күнге дейін жеті жыл бойы соттан тыс немесе сот арқылы банкроттық рәсімінің қолданылмауы.

Егер міндеттемелерді орындамау мерзімі арыз берілген күнге 5 жылдан асса борышкер – жеке тұлға соттан тыс банкроттыққа арыз бере алады. Бұл ретте мұндай борышкерге жоғарыда аталған шарттар қолданылмайды.

Алты ай бойы атаулы әлеуметтік көмек (АӘК) алушы болған борышкер осы рәсімге жүгіне алады. Бұл

процедураны қолданғаннан кейін борышкерге «банкрот» мәртебесі беріледі.

### Арызды қалай беруге болады?

Арыз 2023 жылдың 3 наурызынан бастап «Электронды үкімет», «e-Salyk Azamat» және «ХҚКО ақпараттық жүйесі» веб-порталы арқылы қабылданады.

Арызға олардың атауы, берешек сомасы, орналасқан жері көрсетілген кредиторлардың тізімі, борышкердің банктік қарыз шарты және (немесе) микрокредит беру шарты бойынша берешекті өтеуді және (немесе) өндіріп алуды жүзеге асыру бойынша шаралар қабылдағанын растайтын құжаттың көшірмесі қоса беріледі.

### Сот арқылы банкроттық қай кезде қолданылады?

Азаматтар бұл рәсімді 1600 АЕК-тен (2023 жылға – 5 млн 520 мың теңге) асқан сомдағы қарыздары бойынша және кредиторлар алдындағы барлық қарыз түрлері бойынша қолдана алады.

Сот банкроттығы кезінде борышкердің мүлкі аукционда сатылады.

Осы рәсімді қолдану кезінде борышкерге тыйым салынады:

- мүлкікті иеліктен шығару немесе өзіне қана міндеттемелер алу (несие алу, кепілдіктер мен кепілдіктер беру) бойынша мәмілелер жасау;
- банкрот рәсімі аяқталғанға дейін шетелге шығуға.

Осы рәсімді қолданғаннан кейін борышкерге «банкрот» мәртебесі беріледі.

### Арызды қалай ұсынуға болады?

Арыз 2023 жылғы 3 наурыздан бастап борышкердің тұрғылықты жері бойынша сотқа қабылданады. Банкроттық мерзімі – 6 ай, тағы алты айға ұзарту мүмкіндігімен.

Арызға қоса беріледі:

- берешек сомасын және олардың құрылған күнін, тұрғылықты жерінің немесе орналасқан жерінің мекенжайын, электрондық поштасын және оларды кейіннен хабарлар ету үшін байланыс телефондарын (осындай ақпарат бар болса) көрсете отырып, барлық кредиторлар мен борышкерлердің тізімі;
- банкроттық туралы арыз берілгенге дейін алты айдан кешіктірмей жасалған бағалау туралы есеп (бар болса) бар борышкер мүлкінің тізімдемесі;
- банкроттық туралы сот рәсімін қолдану тура-

лы өтініш берілгенге дейінгі соңғы үш жыл ішінде талаптары борышкердің мүлкі кепілге салумен қамтамасыз етілген міндеттемені қоса алғанда, азаматтық-құқықтық және (немесе) өзге де міндеттемелердің тізбесі;

- борышкердің банктік қарыз шарты және (немесе) микрокредит беру шарты бойынша берешекті өтеу шараларын қабылдағанын растайтын құжаттың көшірмесі;

Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін қай уақытта қолданылады?

Тұрақты табысы бар азаматтар сотта 5 жылға дейін қарызды өтеу бойынша бөліп төлеу жоспарын алу мүмкіндігін қарастыратын бұл тәртіпті қолдана алады.

Төлем қабілеттілігін қалпына келтіруге арыз беруді жоспарлап отырған борышкердің жалғыз шарты – қарыз сомасы қарыз алушыға тиесілі мүлкінің құнынан аспауы керек.

Қалпына келтіру жоспары қаржы менеджерімен бірлесіп әзірленеді және сотпен бекітіледі. Сауықтыру шараларына мыналар кіреді:

- мүлкіктің бір бөлігін сату;
- мүлкікті жалға беру;
- үйді жаңасын сатып алу арқылы сату;
- құны төмен үйге айырбастау.

Бұл процедураның артықшылығы мынада: одан кейін борышкерге «банкрот» мәртебесі берілмейді, сондықтан банкрот үшін қарастырылған салдар оған қолданылмайды, сонымен қатар шетелге шығуға тыйым салу түріндегі шектеулер жоқ.

Арыз 2023 жылғы 3 наурыздан бастап борышкердің тұрғылықты жері бойынша сотқа беруге болады.

Арызға қоса беріледі:

- қажетті ақпарат пен барлық кредиторлар мен дебиторлардың тізімі;
- азаматтық және (немесе) өзге де міндеттемелердің тізбесі, оның ішінде талаптары борышкердің мүлкі кепілге қоюмен қамтамасыз етілген міндеттеме бойынша тізбесі соңғы үш жыл ішінде азаматтық-құқықтық және (немесе) өзге де міндеттемелерді орындау тәртібін қолдану туралы өтініш бергенге дейін төлем қабілеттілігін қалпына келтіру;
- борышкердің мерзімі өткен берешекті өтеу бойынша шаралар қабылдағанын растайтын құжаттың көшірмесі.

### Банкроттықтың салдары қандай?

Соттан тыс немесе сот тәртібімен банкроттық туралы арыз беру туралы шешім қабылдаған борышкерлер келесілерді білу керек:

- 5 жыл ішінде несиелер мен микрокредиттер алуда тыйым салынады (ломбардтардан микронесие алудан басқа);
- қайта банкроттық 7 жылдан кейін ғана мүмкін болады;
- банкрот болғаннан кейін 3 жыл бойы банкроттың қаржылық жағдайы бақыланады.

Алимент өндіру, басқа адамның өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін келтірілген зиянды өтеу бойынша берешек есептен шығаруға жатпайды.

**Гүлмира ЕРТАНОВА,**  
облыс бойынша мемлекеттік кірістер департаменті оңалту және банкроттық бөлімінің басшысы

## «Қайсар» жаңа маусымға дайын

Бүгін, 4 наурызда елімізде футболдан Премьер-лига командалары арасындағы Қазақстан біріншілігі жалауын көтереді. Қызылордалық «Қайсар» өз алаңында 5 наурызда Петропавлдың «Қызылжар» командасын қабылдайды. Жерлестеріміз жылдық үзілістен кейін үздіктер қатарына қайта қосылды. Енді қараша айына дейін жасыл алаңда шеберлік байқасады.

**Сб Әділжан ҮМБЕТ,**  
«Сыр бойы»

Жаңа маусымға «Қайсар» дайындығын тыңғылықты жүргізді. Бас бапкер қызметіне ресейлік белгілі маман Виктор Кумыков келді. Команда тізгінін қолға алғаннан кейін тәжірибелі бапкер бірден жергілікті ойыншылардың шеберлігін сынап көру мақсатында Түркияға оқу-жаттығу жиынына аттанып кетті. Өткен жылдың желтоқсан айында болған алғашқы оқу-жаттығу жиынында негізінен қызылордалық футболшылар сынаққа шақырылды. Ал одан кейінгі екі оқу-жаттығу жиыны барысында алыс және жақын шетелден футболшылар шеберлігі таразыға түсті. Сол арқылы жаңа ма-

усымда «Қайсардың» негізгі құрамында жасыл алаңға шығатын ойыншылар тізімі белгілі болды.

– Біз алдымен футболшылардың дене дайындығы және жеке шеберлік деңгейіне назар аудардық. Олардың қабілет-қарымы көптеген жолдастық кездесу барысында байқалды. Команданың екі құрамы Африка, Италия, Сербия, Румыния, Болгария, Ресей және Украина командаларымен кездесті. Қай-қайсысы да оңай қарсылас болған жоқ. Біздің жігіттер де оларға лайықты қарсылық көрсетті. Сол арқылы әрбір ойыншының шеберлік деңгейі сараланды, – дейді бас бапкер Виктор Кумыков. Ақпан айының үшінші

онкүндігінде «Қайсар» Қызылордаға оралып, алдағы маусымға әзірлігін одан әрі пысықтай түсті. Жаңа ойыншылар жергілікті климатқа, жаңа сағат белдеуі мен синтетикалық жасыл алаңға бейімделді.

Қызылордалық ұжым былтыр бірінші лигада ойын шакыртылды. Әрине, олардың барлығы команданың қаржылық мүмкіндігіне байланысты қарастырылды. Осыған байланысты қазір өзге клубтарда ойнап жүрген Асхат Тағыберген, Думан Нұрзидлаев секілді жергілікті футбол түлектерін «Қайсардың» құрамына қосуға мүмкіндік болған жоқ. Дегенмен алаңның әрбір шебінде сауатты қимыл көрсете алатын ойыншыларды тартуға баса назар аударылды.

Бас бапкер негізінен қорғаныс шебін нығайтуға көңіл бөлгенін атап өтті. Нәтижесінде былт қорғаныс шебінде қазақстандық Куаныш Калмұратов, Әділет Кенесбек, украиндық Ви-

тальи Приндета, Буркина-Фасо өкілі Бен Азиз Загре, Франциялық Проспер Менди ойнайды. Былтыр осы міндетті атқарған Жоао Педро, Абылайхан Төлегенов команда құрамында қалды. Сондай-ақ, жартылай қорғаныста Әліби Тұзақбаев, Дмитрий Бородин, черногориялық Горан Милойко, грузиялық Георгий Бурхадзе, Кот-д’Ивуар елінен келген Экра Гео Крист-Данни, беларусық Василий Сопель жасыл алаңға шығады. Ал шабуыл шебінде Елжас Алтынбековтің қатарына екінші лигада сұрмерген атанған Бакәулет Зулфияров қосылды. Өткен жылғы құрамнан қақпашы Нұржан Салайдың, жартылай қорғаушы Дидар Жалмұқан, Руслан Сақалбаев, Аян Құлмағанбетов, Өркен Махан сынды футболшылар команда құрамында қалды.

– Алаң қойған мақсатымыз – ел біріншілігі мен кубок ойындарында жоғары деңгейде ойын көрсету. Біз әрбір кездесуде жеңіске деген жігермен ойнаймыз. Әрбір жарыласты лайықты бағалаймыз. Команда жақсүйерлер тарапынан қолдау ерекше болады деген үміттеміз, – делі бас бапкер.

## Сең қозғалысы бақылауда

Сырдария өзенінде сең жүріп, еріген мұздықтар Қызылорда қаласы тұсынан кедергісіз өтуде. Сеңнен ешқандай қауіп байқалған жоқ. Дегенмен, мамандар өзен бойындағы жағдайды бақылауда ұстап отыр.

Облыстық төтенше жағдайлар департаментінің мәліметінше, қазіргі таңда облысқа секундына 680 текше метр су келуде. Ал кеше кешкілік облыс орталығындағы Ескі базар тұсында сең қозғалысы болды. Сең өткен ағыста өзен деңгейі 85 сантиметрге дейін төмендеген.

Сала мамандары сеннен қауіп жоқ екенін айтады. Дегенмен су басу аумағында орналасқан саяжай тұрғындары мен шаруашылық иелері қауіпсіздік шараларын сақтағаны жөн. Қалалық төтенше жағдайлар басқармасы хабарландыру сигналдары, эвакуация жасау шаралары және ережелерімен танысып, соған алдын ала дайын болуды ескертеді.

«Аумақты су басу қаупін байқаған кезде төтенше жағдайлар қызметінің 112 нөмірі бойынша қонырау соғып, хабарлау қажет. Есіңізде болсын, қауіпсіздік ережелерін сақтау арқылы өзіңіз бен жақындарыңыздың өмірін арасалап қалу мүмкіндігіңіз көбейеді», – делінген Қызылорда қаласы төтенше жағдайлар басқармасы хабарламасында.

Айта кетейік, былт жоғарыдан келіп жатқан мол судың



Суреттерді түсірген Н.Нұржанов

арқасында Арал теңізінің деңгейі 48 см-ге дейін көтерілді. Мамандардың айтуынша, өткен жылдың қазан айынан бастап теңіз деңгейі су деңгейі 40,90 мБЖ дейін көтеріліп, жиналған су көлемі

19,7 млрд текше метрге ұлғайды. Былтыр жыл көлемінде Аралға 816 млн текше метр су түссе, былт екі айдың өзінде 803 млн текше метр су келген.

«СБ» ақпарат

## «Көктем-2023» оқу-жаттығуы

Төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою, сондай-ақ азаматтық қорғаудың басқару органдары, күштері мен құралдарын көктемге дайындау өте маңызды. Азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесін одан әрі жетілдіру үшін «Көктем-2023» республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығуы өткізілді. Осындай оқу-жаттығудың облыстық кезені Шиелі ауданында ұйымдастырылды.

Іс-шара кезінде жергілікті уақытпен 07.00-де «Дабыл-1001» сигналы түсті. Шиелі ауданының азаматтық қорғау қызметтерінің және шұғыл өрекет ету жасақтары күш-құралдарының әзірлігін Шиелі ауданының әкімі Нұржан Ахатов және облыстық төтенше жағдайлар департаменті бастығының орынбасары, азаматтық қорғау полковнигі Нұрсұлтан Ибрагимов қарап, тексерді. Оқу-жаттығуға 180 жеке құрам және 60 бірлік техника жұмылдырылды. Сонымен қатар азаматтық қорғаудың облыстық қызметтерінің өкілдері де қатысты.

Жылжымалы басқару пункті арқылы «Көктем-2023» РКШОЖ бастылығының штабымен жергілікті төтенше жағдайлар министрлігімен телефон және бейнеконференц байланысы ұйымдастырылды.

Мұндай оқу-жаттығу облыстың барлық аудандарында және Қызылорда қаласында өткізілді. Оған барлығы 1933 жеке құрам мен 535 бірлік техника жұмылдырылды.

«СБ» ақпарат

## Хабарландыру

ҚР Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 1 ақпанындағы №36 бұйрығымен бекітілген «Қоғамдық маңызы бар нарықтарда баға белгілеу қандаларының» 13-тармағын басылымға ала отырып «Дәулетэнерго» ЖШС-ның барлық тұтынушыларына 2023 жылдың 01 наурызынан бастап 1 кВт.сағат электр энергиясының тарифтері (қосымша күн салығын есептегенде) төмендегідей болғанын жариялайды:

- Орташа босату бағасы – 23 теңге 67 тиын.
- Тұрғындарға орташа босату бағасы – 20 теңге 50 тиын.

Тұтыну көлеміне қарай сараланған тарифтер:

- Электр плиталарын қолданбайтын тұрғындарға:
  - 1-деңгей (70 кВт.сағатқа дейін) – 20 теңге 01 тиын
  - 2-деңгей (70 кВт.сағаттан 150 кВт.сағатқа дейін) – 24 теңге 60 тиын
  - 3-деңгей (150 кВт.сағаттан жоғары) – 30 теңге 74 тиын
- Электр плиталарын қолданатын тұрғындарға:
  - 1-деңгей (90 кВт.сағатқа дейін) – 20 теңге

- 2-деңгей (90 кВт.сағаттан 170 кВт.сағатқа дейін) – 24 теңге 60 тиын
- 3-деңгей (170 кВт.сағаттан жоғары) – 30 теңге 74 тиын

Жалғыз басты зейнеткерлерге, ҰОС қатысушыларына, мүгедектерге:

- 1-деңгей (100 кВт.сағатқа дейін) – 20 теңге 01 тиын
- 2-деңгей (100 кВт.сағаттан 150 кВт.сағатқа дейін) – 24 теңге 60 тиын
- 3-деңгей (150 кВт.сағаттан жоғары) – 30 теңге 74 тиын

3. Заңды тұлғалар үшін орташа босату тарифі - 26 теңге 91 тиын

Бюджеттік мекемелер үшін - 36 теңге 93 тиын  
Басқа тұтынушылар үшін - 23 теңге 67 тиын  
ӘМБТ өндіретіндер үшін - 23 теңге 67 тиын

«Дәулетэнерго» ЖШС

(ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2009 жылдың 14 шілдесінде №000497 мемлекеттік лицензиясы берілген)

## Хабарландыру

ҚР Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 1 ақпанындағы №36 бұйрығымен бекітілген «Қоғамдық маңызы бар нарықтарда баға белгілеу қандаларының» 13-тармағын басылымға ала отырып «Энергосервис» ЕЖШС-ның барлық тұтынушыларына 2023 жылдың 01 наурызынан бастап 1 кВт.сағат электр энергиясының тарифтері (қосымша күн салығын есептегенде) төмендегідей болғанын жариялайды:

- Орташа босату бағасы – 21,89 теңге.
- Тұрғындарға орташа босату бағасы – 18,12 теңге.

Тұтыну көлеміне қарай сараланған тарифтер:

- Электр плиталарын қолданбайтын тұрғындарға:
  - 1-деңгей (70 кВт.сағатқа дейін) – 16,99 теңге
  - 2-деңгей (70 кВт.сағаттан 150 кВт.сағатқа дейін) – 21,74 теңге
  - 3-деңгей (150 кВт.сағаттан жоғары) – 27,18 теңге
- Электр плиталарын қолданатын тұрғындарға:
  - 1-деңгей (90 кВт.сағатқа дейін) – 16,99 теңге
  - 2-деңгей (90 кВт.сағаттан 170 кВт.сағатқа дейін) – 21,74 теңге
  - 3-деңгей (170 кВт.сағаттан жоғары) – 27,18 теңге

Жалғыз басты зейнеткерлерге, ҰОС қатысушыларына, мүгедектерге:

- 1-деңгей (100 кВт.сағатқа дейін) – 16,99 теңге
- 2-деңгей (100 кВт.сағаттан 150 кВт.сағатқа дейін) – 21,74 теңге
- 3-деңгей (150 кВт.сағаттан жоғары) – 27,18 теңге

3. Заңды тұлғалар үшін орташа босату тарифі – 27,18 теңге

Бюджеттік мекемелер үшін – 43,40 теңге  
Басқа тұтынушылар үшін – 21,89 теңге  
ӘМБТ өндіретіндер үшін – 21,89 теңге

«Энергосервис» ЕЖШС

(ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2009 жылдың 14 шілдесінде №000498 мемлекеттік лицензиясы берілген)

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

